Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 503 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 желтоқсанда № 7363 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 25.05.2021 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 4) тармақшасын іске асыру мақсатында**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 25.05.2021 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Стратегиялық жоспарлау және ақпараттық технологиялар департаменті (А.Ә.Нұрмағамбетов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3) Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 3 қазандағы № 548 бұйрығы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркелу тізілімінде № 5343 тіркелген, 2008 жылғы 7 қарашадағы № 170 (1570) "Заң газетінде" жарияланған);

2) "Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 3 қазандағы № 548 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 528 бұйрығы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркелу тізілімінде № 5947 тіркелген, 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 195 "Заң газетінде" жарияланған).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр С.Б.Шаяхметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін
атқарушы М. Сарыбеков

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2011 жылғы 1 желтоқсандағы
№ 503 бұйрығымен
бекітілген

Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу ережелері

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 25.05.2021 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу ережелері (бұдан әрі - ережелер) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу тәртібін, оның құрылымы мен міндеттерін айқындайды.

2. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ақпараттық жүйе-ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдық-ретке келтірілген жиынтығы;

2) ақпараттандыру объектілері-электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтамасыз ету, интернет-ресурс және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым;

3) бағдарламалық қамтамасыз ету-бағдарламалардың, бағдарламалық кодтардың, сондай-ақ оларды пайдалану үшін қажетті техникалық құжаттамасы бар бағдарламалық өнімдердің жиынтығы;

4) деректер базасы-қандай да бір объектінің ақпараттық моделі ретінде бірлесіп сақтауға, автоматтандырылған жүргізуге және әкімшілендіруге арналған деректердің жүйелендірілген жиынтығы.

2-тарау. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі

3. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілері білім беру ұйымдарын басқару иерархиясы (республикалық, облыстық, қалалық, аудандық деңгейлер және білім беру ұйымдарының деңгейі) негізінде ұйымдастырылады және жұмыс істейді.

4. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру өңірлік тиесілілігін және білім беруді дамытудың өңірлік бағдарламаларының ерекшеліктерін ескереді.

5. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілері ақпараттық ортадағы деректер ағынын бес бағыт бойынша ұйымдастыруды жүзеге асырады:

1) ақпараттық-білім беру жүйесінің бірыңғай ақпараттық кеңістігін қамтамасыз ету;

2) әкімшілік-білім беруді басқарудың барлық деңгейлерінде басқару шешімдерін ақпараттық қамтамасыз ету;

3) оперативтік-желілік мониторинг және әкімшілендіру, деректерді резервтік сақтау және өңдеу жүйелерін іске асыру, жедел-техникалық персоналдың техникалық байланысын ұйымдастыру;

4) технологиялық-ресурстық және кадрлық қамтамасыз ету, ағымдағы талаптарға байланысты кіші жүйелерді құрылымдау, бірыңғай технологиялық кешен мен әдістемелерді қалыптастыру, инновациялық технологияларды пайдалану, оңтайландыру және технологиялық консалтинг;

5) нәтижелі - білім беру ұйымдарына енгізілген ақпараттық жүйе арқылы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуын жедел мониторингтеу және бағалау.

6. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру білім алушылар үшін мынадай бағыттар бойынша бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамытуды көздейді:

1) білім берудегі ақпараттық жүйелер;

2) білім беру ұйымдарының интернет-ресурстары.

7. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру кезінде пайдаланушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру мынадай нысандарда жүзеге асырылуға тиіс:

1) білім беру қызметкерлері үшін оқыту семинарлары;

2) барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары мен білім беруді басқару органдарының басшыларына арналған оқыту семинарлары.

8. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілері мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруға, білім беру ұйымдарында дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерді жүргізуге бағытталған.

9. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінің интерфейсі қазақ және орыс тілдеріне оқшауландырылуы тиіс.

10. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген " Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды" ескере отырып жүзеге асырылады

11. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру "Білім беру ұйымдарында пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 79 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

12. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеуі:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының алдында білім беру ұйымдары мен білім беруді басқару органдарының ашық есептілігін дамыту;

2) электрондық қызметтерді ұсыну;

3) білім беру ұйымдары мен басқармалары басшыларының қатысуымен ашық форумдар ұйымдастыру;

4) инновациялық әдістемелік материалдарды жариялау және оларды ашық талқылау ;

5) өңірлік белгісі бойынша ашық рейтингтік жүйенің жұмыс істеуі;

6) ата-аналар аудиториясы үшін білім беру ұйымдары оқушыларының ағымдағы және кезеңдік үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы ақпарат жинау және ұсыну;

7) Министрлік және оның құрылымдық бөлімшелері үшін білім беру ұйымдары оқушыларының ағымдағы және кезеңдік үлгерімі мен қатысуы туралы ақпаратты жинау және талдау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК